

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ 162-бабына сәйкес "АИТВ-инфекциясына тексеру":

Қазақстан Республикасы азаматтарының, қандастарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, босқындардың және пана іздеген, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты және уақытша тұратын адамдардың тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде АИТВ инфекциясы мәселелері бойынша ерікті түрде анонимдік және (немесе) құпия медициналық зерттеліп-қаралуға және консультация алуға құқығы бар. уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен АИТВ инфекциясының профилактикасы саласындағы қызмет.

**«ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталық» ШЖҚ КМК**

**Мекен-жайы: Петропавл қаласы,  
2-ші Кирпичная көшесі, 6/1 үй**

**E-mail: [aids\\_zdrav@sqa.gov.kz](mailto:aids_zdrav@sqa.gov.kz)**



**Сенім телефоны:  
8 (7152) 47-57-37**



Құрастырған және безендірген:  
ОҚК библиографы Г. Ж. Алқайдарова  
“И. ШУХОВ АТЫНДАҒЫ  
ОРТАЛЫҚ ҚАЛАЛЫҚ КІТАПХАНА” КММ

СҚО, Петропавл қ.,  
Брусилковский к., 65

8(7152)50-04-11  
8(7152)33-19-57

Сайт: [shuhovlibrary.kz](http://shuhovlibrary.kz)  
E-mail: [shuhov\\_lib@mail.ru](mailto:shuhov_lib@mail.ru)  
[@shuhov\\_library](https://vk.com/shuhovlibrary)  
<https://www.facebook.com/shuhovlibrary>  
<https://www.youtube.com/@shuhovlibrary>

«И. Шухов атындағы орталық қалалық кітапхана» КММ

1 желтоқсан –  
Дүниежүзілік ЖИТС-пен  
күрес күні

**ЖИТС — ҒАСЫР  
ІНДЕТІ**

*БУКЛЕТ*


ПЕТРОПАВЛ  
2024

# АИТВ/ЖИТС сұрақтары мен жауаптары

**Адамның иммун тапшылығы вирусы (АИТВ)** — ретровирустар тұқымдасына жататын лентивирустардың адамға жұғып, АИТВ инфекциясын тудыратын вирус түрі.

**Жүре пайда болған имунтапшылық синдромы (ЖИТС)** — адамның имунтапшылық вирусы (АИВ) қоздырған инфекцияның организмге әсерінен дамиды дертті жағдай.

Инфекция жұқтырған адамда ешбір ауру белгілері байқалмауы не қысқа мерзімді тұмау тәрізді синдром белгілері пайда болуы мүмкін.



## АИТВ жұғудың 3 түрі

### 1) ЖЫНЫСТЫҚ ҚАТЫНАС АРҚЫЛЫ

### 2) ҚАН АРҚЫЛЫ

- Шприц, ине және басқа да инъекция құралдарын ортақ қолдану;
- Тату пирсинг үшін залалсыздандырылмаған құралдар қолдану;
- Бөгде адамның қырынатын заттарын, көзге көрінетін қан қалдықтары бар тіс щеткаларын қолдану нәтижесінде;
- Жұқпасы бар қан тапсырушының қанын құйғанда.

### 3) АИТВ-ОҢ НӘТИЖЕЛІ АНАДАН БАЛАҒА-жүктілік, босану және емізу кезінде.

## Сұрақ: АИТВ/ЖИТС – екеуі бір ме?

Жауап: Жоқ. АИТВ-адамның қорғаныш тапшылығының вирусы, ол ағзаны аурулардан қорғайтын имундық жүйелерді бұзады. ЖИТС- АИТВ-жұқпасының ең соңғы кезеңі, адамда әртүрлі жұқпалар өрбіп, олармен күресуге ағзаның шамасы келмейді.



## Сұрақ: АИТВ –жұқпасымен тек қана нашақорлармен жезөкшелер ауыра ма?

Жауап: Жұқпаға әркімнің шалдығуы мүмкін.

## Сұрақ: Адамның сырт тұлғасына қарап АИТВ-жұқпасын жұқтырған адам екенін анықтауға бола ма?

Жауап: Ол мүмкін емес. Сырт тұлғасына қарап АИТВ-жұқпасын жұқтырған адам екенін анықтай алмайсың, тек тексеру кезінде ғана (АИТВ-ға қан тапсыру).



## Сұрақ: АИТВ-жұқпасы қалай көрінеді?

Жауап: алғашқы жылдары еш көрінбейді. Кейін ағзаның АИТВ-жұқпасымен күресу қиындай түскенде бронхит, өкпеге суық тию, ұшық, кандидоз, диарея, адамның салмағы азаюы байқала бастайды. Сонымен қатар туберкулез, онкология т.б ауыр ауруларға шалдығу мүмкін.

